*Қазақстан – Ресей Медицина Университеті*

# Интеллекттің бұзылуы

*Орындаған:Қожағул.Г.С*
*Тобы: 507"Б"*
*Қабылдаған: Жусупова Э.Т.*

**Интеллекттің бұзылуы**

Олигофренияда интеллект пен ойлау қабілеттілігінің бұзылубайқалады. Олигофрения деп жүктілік кезінде, туа біткен немесеерте балалық шақтағы әртүрлі жұқпалы аурулардың жарақаттардың, интоксикацияның әсерінен пайда болатын естің азаюын айтады. Олиго - аз, френиус - ақыл-ой деген мағынаны білдіреді.

Көбінесе олигофренияның пайда болуына ата-ананың есірткігеалкогольді ішімдіктерге құмарлығы себеп болып жатады.

**Олигофренияның 3 сатысы байқалады:**

1. дебилдық
2. имбецилдық
3. идиоттық



қабілеттіктер, мысалы механикалық жаттау, есептеу жақсы дамыған. Олар мектепте бастапқы кезде сау балалармен бірге оқиды, бірақ жасы үлкейе келе ақылы аздығы күшейе береді, сондықтан ондай балаларды арнайы мектептерде оқытады.

**2. Имбецилдік**- олигофренияның орташа сатысы. Науқас онға дейін ғана санайды, аз сөйлейді, сөздік қоры аз, ойлау қабілеті төмен болады. Қарапайым жұмыстарды атқарады және өзіне қызмет жасай ала мұндай науқастар тек қана арнайы мектептерде оқиды.

**3.Идиоттық** немесе идиотияолигофренияның ауыр сатысы.

Науқастың сөйлеу қабілеті дамымаған, ойлау қабілеті жоқ, агрессивті, еш нәрсені түсінбейді.Әке-шешесін танымайды, өзіне қызмет жасай алмайды.

**Деменция**- жүре пайда болған ақыл ойдың аздығы. Деменция кезінде де интеллекттің төмендеуі байқалады. Деменция - бұл үлкен адамдардың бастағы миын патогендік әсердің нәтижесінде мийда болатын естің азаюы. Деменция бастағы ми жирақаттарында, бастағы ми тамырларының атекросклерозында, гипертония ауруының церебральды түрлерінде кездеседі. Науқастармен жақсы қарым-қатынаста болу, оларды тәрбиелеу, үйрету олардың ойлау қабілеттеріне әсер етеді. Егер бала қараусыз болса, олигофренияның сатысы күшейеді.

**Ипохондриялық синдром**— науқас өзінде жазылмайтын ауру бар деп ойлайтын ойлау патологиясы.

**Тілдің шалдығуы (сөйлеудің бұзылулары)**

Бас ми қан айналымының бұзылуларында көлемдік процестерде жиі кездеседі.

Сөйлеу жылдамдығына байланысты жылдам, көп және тез сөйлеу не **баяу**ойлар болады, аз және **баяу сөйлеу**.

**Үзілгендік (разорванность)** - сөйлегенде логикалық байланыстың болмауы.

**Толықтық (обстоятельность)** - сөйлегенде екінші дәрежедегі жағдайларды артығымен айту.

**Өсиетшілдік (резонерство)** - көп сөздің ішіндегі негізгі мәні түсіну қиындығы.

**Афазия**- сөйлеудің бұзылуы. Оның 3 түрі бар.

**Моторлы афазия** кезінде науқас басқалардың сөзін түсінеді бірақ өзі сөйлей алмайды.

**Сенсорлы афазияда** - науқас өзі сөйлейді, бірақ баскалардың сөзін түсінбейді.

**Аралас афазияда** - науқас сөйлей алмайды және басқалардың сөзін түсінбейді.

**Аграфия** - жазудың бұзылуы.

**Алексия** - оқудың бұзылуы

**Акалькулия** - есептің бұзылуы

Идитория психикалық кем ақылдылықтың терең түрі. Науқас адам сөйлемейді, эмоциялары қарапайым (жылау, айғайлау), жүре алмайды, кейде стереотипті қимылдар жасайды,өзін-өзі күте алмайды. Осындай науқастарға Ітоп мүгедектігі беріледі.



Деменция:

- Органикалық
- Шизофренниялық
- Эпилепсиялық
- Органикалық деменция-тотальді (диффузді) -ошақты (дисмнестикалық, лакунарлық, парциалді) Бас ми жарақаттарында, ми тамырларының ауруларында, қарттық және сифилистік психоздарда кездеседі.

- Тотальді органикалық деменция науқас адамның барлық интеллектуалді функциялары төмендеген; логикалық ойлауға, өзіне және ауруына сыни тұрғыдан қарау қабілеті жоқ, адамның тұлғалық қасиеті жоғалады. Науқас балағат сөз айтып, палатада жалаңаш жүгіреді, сексуалді инстинктері ояна бастайды.

Ошақты органикалық деменция науқас адамда негізінен есте сақтау бұзылыстары болады. Ой пайымдау қабілеті, өз жағдайына сыни тұрғыдан қарау сақталады. Науқасқа жаңа информацияны қабылдау қиын, сондықтан ойларын, істеу керек жұмыстарын қойын кітапшасына жазып жүреді; ал бұрыннан жаттықтырылған, әсіресе профессионалді дағдылары ұзақ уақыт бойы сақталады.

Шизофрениялық деменция науқас адамда абстракті ойлау қабілеті мен есте сақтау қабілеті бұзылмаған. Бірақ апати мен абулия салдарынан науқаста еңбек етуге, басқа адамдармен қарым-қатынаста болуға құлқы жоқ. Сондықтан осындай науқастарды кітапқа толы, бірақ ешкім оқымайтын шкафпен салыстырады.



Эпилепсиялық деменция есте сақтау қабілеті төмендеп, ойлау қабілеті өзгереді. Науқас адамда ой пайымдылығы, детализацияға құмарлық, сөз қорының азаюы мен қыстырма сөздерді көптеп қолдану байқалады; жиі қызығушылық төмендеуі мен өзінің жағдайына ерекше назар аудару болады (концентрациялық кем ақылдылық).